# ЭНЗИВЕГ РЕЛИФ

## ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

| **ҚҰРАМЫ:** | **10 мл-де** |
|---|---|
| *белсенді заттар:* | |
| Фенхель сығындысы (Foeniculum vulgare) | 2000 мг |
| Фруктоолигосахаридтер | 1613 мг |
| Жұлдызды анис сығындысы (filicium verum) | 1000 мг |
| Көкгүл сығындысы (Gentiana lutea) | 1000 мг |
| Зімбір сығындысы (Zingiber officinale) | 1000 мг |
| Сусыздандырылған папаин (Carica papaya) | 660 мг |
| **Эфир майлары:** | |
| Лимон (Citrus limon) | 1,25 мг |
| Аскөк (Anetum graveolens) | 1,25 мг |
| Арша (Juniperus communis) | 1,25 мг |
| Ащы жалбыз (Mentha piperita) | 1,25 мг |
| Розмарин (Rosmarinus officinals) | 0,25 мг |

*қосымша заттар:* фруктоза,
*хош иістендіргіштер:* концентрленген лимон шырыны, лимон дәмі, жалбыз дәмі,
*консерванттар:* натрий бензоаты, калий сорбаты,
*қышқылдандырғыш:* лимон қышқылы, су.

**СИПАТТАМАСЫ:**
**ЭНЗИВЕГ РЕЛИФ** - ас қорыту мүшелеріндегі жайсыздықты азайтады, әсіресе құрамында көп мөлшерде қант немесе май бар тағамдарды қолданғанда, теңгерімсіз тамақтану немесе фастфуд қолданған кезде. Бұл әл-ауқаттың тез жақсаруына, жеңілдеуіне, сондай-ақ қабылдағаннан кейін ұзақ және айқын балғындық сезіміне ықпал етеді.

***Фенхель*** әдетте іш кебуді басатын, ас қорытуды жақсартатын және спазмалитикалық әсері бар зат болып саналады. Спазмолитикалық қасиетінің арқасында фенхель асқазан бұзылыстарын жеңілдетуге көмектеседі, ас қорыту процесін жақсартады, сондай-ақ фенхельдің бактерияға қарсы қасиеті ауыз қуысындағы жағымсыз иістің себебін жоюға көмектеседі.
***Зімбір*** - ас қорытуды жақсартады, әсіресе қиын қорытылатын тағамдарды жегенде. Зімбірдің әртүрлі белсенді компоненттері асқазан мен ішекке әсер етеді, шырышты қабықтың қызметін реттейді. Сонымен қатар, ол өт секрециясын және ферментативті белсенділікті ынталандырады, бұл тағамның тез қорытылуына әкеледі.
***Жұлдызды анис:*** ас қорыту жүйесінің жұмысын реттеуге, ас қорытудың баяулауы, іш кебу, кекіру және метеоризм кездерінде қолданылады.
***Фруктоолигосахаридтер:*** ас қорыту жолында бифидум бактерияларының өсуі мен көбеюін белсендіретін органикалық зат. Ас қорытуды жақсартатын профилактикалық заттар санатына жатады.
***Папаин:*** ақуыздардың ыдырауына қатысатын папайи жемістерінде кездесетін өсімдік тектес протеолитикалық фермент.
***Көкгүл:*** Бұл тазартқыш және іш кебуді басатын заттарға жатады, ас қорытуды жақсартуға көмектеседі, асқазанның жұмысын күшейтеді және қалыпқа келтіреді.
***Жалбыз эфир майы*** сергітетін әсерге ие және ас қорытуды қалыпқа келтіреді.
***Лимон эфир майы*** бауыр мен ұйқы безін ынталандырады, тазартқыш және антисептикалық әсерге ие.
***Арша эфир майы*** ас қорыту жүйесінің жұмысын ынталандырады. Дезинфекциялық әсері бар.
***Аскөк эфир майы*** метеоризм, астың қорытылмауы, ішектеге ашу сияқты ас қорыту мүшелерінің бұзылыстары мен спазмдарын жеңілдетуге көмектеседі.

**ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ:**
**ЭНЗИВЕГ РЕЛИФ** - ас қорыту жүйесін жақсартатын табиғи өсімдік ингредиентте
рінен тұратын тағамға биологиялық белсенді қоспа.

**ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:**
Ересектерге бір ас қасық (10 мл) шәрбатты тамақтану кезінде тәулігіне бір рет қабылдау керек. Қабылдау ұзақтығы кемінде 20 күнді құрайды.

10 мл-ге тағамдық құндылығы:
Ақуыздар 28 мг;
Көмірсулар 3,05 г;
Майлар < 0,1 г;
Энергетикалық құндылығы 12,3 ккал / 52,4 кДж.

**ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР:**
- Компоненттерді жекелей көтере алмаушылық
- Жүкті және бала емізетін әйелдер дәргермен кеңесуі керек
- 18 жасқа дейінгілер.

**АЙРЫҚША НҰСҚАУЛАР:**
Ұсынылған тәуліктік дозадан асыруға және ББҚ-ны әртүрлі теңдестірілген тамақты алмастырғыш ретінде қолдануға болмайды.

**БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:**
дәріхана желісі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

**САҚТАУ ШАРТТАРЫ:**
Салқын, құрғақ, жарықтан қорғалған жерде сақтаңыз. Ашылғаннан кейін тоңазытқышта сақтаңыз.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

**ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ:**
Картон қаптамада 1 құтыдан (125 мл) қазақ және орыс тілдерінде қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге.

**ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ:**
48 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

**Өндіруші:**
LES TROIS CHENES
ZA La Terre Ronde, 69770
Вильченев, Франция

**Сауда маркасы мен МТК ұстаушысы:**
VEGAPHARM LLP.,
Unit 18, 53 Norman Road,
Greenwich Centre Business Park, SE10 9QF
Лондон, Ұлыбритания

**МТК№:** KZ.16.01.98.003.R.000283.04.24

**Тұтынушылардан шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым:**
«Cepheus Medical» (Цефей Медикал) ЖШС,
050045, ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 7 үй,
"НұрлыТау" ТК, 5А блогы, 247 кеңсе,
телефон: +7 (727) 300 69 71,
e-mail: cepheusmedical@gmail.com